

**«Бөбекжайдағы заттық-кеңістік дамытушы ортаны  
ұйымдастыру туралы»**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын іске асыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, олардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бөбекжай топтарында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік орта ұйымдастырылсын.
2. Әр топта келесі даму орталықтарының жұмыс істеуі қатамасыз етілсін:
  - \* сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
  - \* шығармашылық орталық;
  - \* кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы;
  - \* математика және логика орталығы;
  - \* зерттеу және тәжірибе жасау орталығы;
  - \* ұлттық тәрбие бұрышы;
  - \* құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы ;
  - \* тыныту және психологиялық жайлылық бұрышы.
3. Педагогтер дамытушы орталықтардың мазмұнын тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес толықтырып, жүйелі түрде жанартып отырсын.
4. Топтардағы ойын және оқу материалдарының қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарға сәйкестігі тұрақты бақылауда ұсталсын.
5. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге және Қауапсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**ЖШС «Иштаев Е.А» «Айгөлек»**

**жеке бөбекжайының меңгерушісі**



**А.Х. Қошбаева.**

**«Иштаев Е.А» ЖШС "Айгөлек" жеке бөбекжайы 2025-2026 оқу жылындағы дамытушы заттық -кеңістік ортанын ұйымдастырылуы анықтама**

2025-2026 оқу жылында «Иштаев Е.А» ЖШС "Айгөлек" жеке бөбекжайыда тәрбиеленушілердің эмоционалдык әл-ауқатын қамтамасыз етуге, жан-жақты дамуын қолдауға және жеке қабілеттерін ашуға бағытталған қауіпсіз, қолайлы әрі дамытушы заттық-кеңістік орта жүйелі түрде ұйымдастырылды. Дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып құрылып, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталды.

Балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес 3 топ жұмыс істейді. Әр топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыта міндетті стандарты талаптарына сай білім беру ортасы қалыптастырылып, тәрбиеленушілердің еркін әрекет етуіне, таңдау жасауына және өз бастамаларын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жағдай жасалған. Дамытушы заттық-кеңістік орта келесі орталықтарды қамтиды:

- \* сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
- \* шығармашылық орталық;
- \* кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы;
- \* математика және логика орталығы;
- \* зерттеу және тәжірибе жасау орталығы ;
- \* ұлттық тәрбие бұрышы;
- \* құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы;
- \* таным және психологиялық жайлылық бұрышы.

Сюжеттік-рөлдік ойындар барысында балалар әр түрлі мамандықтар мен әлеуметтік рөлдерді меңгеріп, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Шығармашылық орталықта сурет салу, жапсыру, мүсіндеу және құрастыру жұмыстарын орындау арқылы қиялы мен шығармашылық ойлауы қалыптасады. Кітап және сөйлеуді дамыту бұрышында көркем әдебиеттермен жұмыс жүргізіліп, байланыстырып сөйлеу, сездік қорды байыту және тілдік қатынас мәдениетін дамытуға жағдай жасалған. Зерттеу және тәжірибе жасау орталығында балалар қарапайым бақылаулар мен тәжірибелер жүргізу арқылы қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтеді, ал математика және логика орталығында салыстыру, топтастыру, санау және логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Ұлттық тәрбие бұрышында халқымыздың мәдени мұрасы, салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары насихатталып, патриоттық тәрбие беріледі. Балалардың психоэмоционалдык жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында топтарда жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылған. Педагогтер әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, қолдау көрсету арқылы

олардың өзіне деген сенімділігін арттыруға ықпал етеді. Тыныту және психологиялық жайлылық бұрыштары тәрбиеленушілердің демалуына, эмоционалдык жағдайын реттеуіне және өздерін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік береді.

Дамытушы орта санитарлық-гигиеналык және қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес жабдыкталған. Жиһаздар балалардың жас ерекшеліктеріне сай тандалған, барлық оқу және ойын материалдары қауіпсіз әрі сертификатталған. Топ бөлмелерінде еркін әрі қауіпсіз қозғалыс қамтамасыз етіліп, өрт қауіпсіздігі талаптары қатаң сақталады.

Қорытындылай келе, 2025-2026 оқу жылында ұйымдастырылған дамытушы зағтық-кеңістіктік орта тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, шығармашылық әлеуетінің ашылуына, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, сондай-ақ эмоционалдык тұрақтылығының нығаюына қолайлы жағдай жасайды.

«Иштаев Е.А» ЖШС

«Айгөлею» жеке бөбекжайының менгерушісі:

Күні: 22.05.2026 ж.



А.Х.Кошбаева.